


Келісемін: 
№35 «Шұғыла» бөбекжайының
әдіскер Калдышева Н.З.

Бекітемін 
№35 «Шұғыла» бөбекжайының
меңгерушісі м.а. Жаленова Ж.Ж.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған
қазақ тілі пәнінен ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Балапан» ортаңғы топ

Қазақ тілі пәні мұғалімі: Калдышева Н.З.

2023 – 2024 оқу жылы

«Балапан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3 жастағы балалар

№	Уақыты	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
1	Қыркүйек	Тілдік дамытушы орта: Өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруді меңгерту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қоры: Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, олардың аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Балалардың жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Жолда жүру ережелерін меңгерту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.	Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтады. Көлік жайлы білімдерін қалыптастырады, олардың аттарын, түрлерін ажыратады. Балалардың жолда жүру ережесін меңгереді. Бағдаршамның атқаратын қызметімен танысты. Жолда жүру ережелерін меңгерді. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастырады (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйренеді.
2	Қазан	Тілдік дамытушы орта: Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қоры: Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Қыс мезгілі туралы түсініктерін	Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдері жетіледі. Олардың атқаратын қызметімен танысады. Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейеді. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей

		кеңейту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулуды (бар, кел, айт) жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу: Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтауға үйрету.	қолданады (бар, кел, айт) Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінеді, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтайды.
3	Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «іні», «апа», т.б.) айту және түсінуге дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.	Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды.
4	Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді үйрету. Сөздік қор: Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Жуан және жіңішке сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.	Қарапайым сұрақтарды түсінеді, оларға шағын сөйлемдермен жауап береді; ересектердің көмегімен санамақтарды жатқа айта алады.
5	Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға	Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айта алады;

		дағдыландыру. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын жеміс-жидек, көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Бұйрық райлы етістіктерді (кел, бар, айт) жекелей қолдануға баулу. Байланыстырып сөйлеу: Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесуге баулу.	Суретке қарап жеміс-жидек, көкөністердің атауларын айта алады; Бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады.
6	Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді үйрету. Сөздік қор: Дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы тақпақтар жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.	Ойыншықтар мен заттарға қарап, оларға қатысты қарапайым сұрақтарға жауап береді, оларға қысқаша әңгіме құрастыра алады; тақпақтарды жатқа айта алады.
7	Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Сөздік қор: Күнделікті жиі қолданылатын апта күндері, жыл мезгілдерінің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, оларды жай сөйлеммен сипаттап айтып беруге баулу.	Кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды сөз тіркесі, жай сөйлемдермен сипаттайды; Күнделікті жиі қолданылатын апта күндері, жыл мезгілдерінің атауын айтады;
8	Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға және дұрыс айтуға, есте	Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша

		сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор: Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттатқызу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есім мен сын есім, зат есім мен етістік тіркестерін құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.	сұрақтарға жауап бере алады; Ересектердің көмегімен жаңылтпаштарды жатқа айта алады.
9	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық аппаратты дамыту жұмыстарын жалғастыру. Дауыс күші мен сөйлеу қарқынын дамыту: баяу және жылдам, қатты және ақырын сөйлеуге үйрету. Сөздік қор: Жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсінуге үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: Күрделі сөз тіркестерін құрастырып үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.	Жануарлардың, төрт түліктің атауларын айта алады; Алынған ақпаратқа сәйкес өзінің ойын білдіреді; Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.